2.2. Көрсетілген қызмет үшін төлемді Тапсырыс беруші Шартқа 1-қосымшаға сәйкес кезең-кезеңмен, көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

2.3. Сандық және құндық шамадағы көрсетілетін қызмет көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4. Төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) осы Шарт;
- 2) көрсетілген қызмет актісі (актілері);
- 3) осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі бойынша есеп;
- 4) Өнім беруші Тапсырыс берушіге көрсеткен қызметтердің сипаттамасымен, жалпы сомасы көрсетіле отырып, шот-фактура;

3. Тараптардың міндеттемелері

3.1. Өнім беруші мыналарға:

- 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

5) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

6) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді;

7) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген көрсетілген қызметтер актісін жіберу және ресімдеуге;

8) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2. Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуге құқылы.

3.3. Тапсырыс беруші:

1) Қызметтерді көрсету үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) көрсетілген Қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) Қызметті қабылдау кезінде веб-портал арқылы көрсетілген қызметтер актісін бекітуге не сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 262-тармағында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бас тартуға;

3-1) көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны бекіткеннен кейін қабылдауға;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4. Тапсырыс беруші:

1) көрсетілген Қызметтердің сапасын тексеруге;

2) Қызмет мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда Тапсырыс беруші қызметті мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4. Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2. Осы Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3. Егер тексеру кезінде көрсетілген Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қолданады.

4.4. Жоғарыда көрсетілген ешбір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5. Қызметтер көрсету

5.1. Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.2. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

6. Кепілдік

6.1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы Қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуіне кепілдік етеді.

6.2. Өнім беруші техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) Қызметтерінің қателерін, жете өңдеулері мен басқа да сәйкессіздіктерін ақысыз түзетуге кепілдік береді.

6.3. Тапсырыс беруші берілген кепілдікке байланысты барлық шағымдары туралы Өнім берушіге жазбаша түрде жедел хабарлауға міндетті, одан кейін Өнім беруші, осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, өз есебінен кемшіліктерді жою шараларын Тапсырыс беруші хабарламасында айқындалған мерзімде қолдануға тиіс.

6.4. Егер Өнім беруші хабарламаны алып, кемшіліктерді жою шараларын уақтылы қолданбаса, Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім берушіге қатысты өзінің басқа құқықтарына ешқандай нұқсан келтірмей және Өнім беруші есебінен қажетті санкциялар мен кемшіліктерді жою.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/ кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3. Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

7.4. Өнім беруші Қызмет көрсетуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы

сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша қызмет көрсету үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе қызмет көрсету кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулар Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7. Мердігердің Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толықтай да, ішінара да беруіне жол берілмейді.

7.8. Қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) тартылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынады. Қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) болуы Өнім берушіні Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

Қызмет көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілуі мүмкін көрсетілетін қызметтің шекті көлемі жиынтықта көрсетілетін қызмет көлемінің екіден бірінен аспауға тиіс.

Бұл ретте қосалқы мердігерлерге өткізілетін сатып алу мәні болып табылатын қызмет көрсету көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беруге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының мүгедектер қоғамдық бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасының мүгедектер қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдарға көрсетілетін қызметтерге өткізілетін сатып алу мәні болып табылатын қызмет көрсету бойынша қосалқы мердігерлер тартуға жол берілмейді.

8. Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1. Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2020 жылғы 20 желтоқсанды қоса алған мерзімге дейін қолданылады.

8.2. Мынадай оқиғалар олардың көбеюі бөлігінде қызмет көрсету ұзақтығы мерзімдерінің өзгеруіне әкеп соқтырады:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, ол өз кезегінде қызмет көрсетудің кешіктірілуіне әкеп соқтырады;

2) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін қызмет көрсетуді тоқтатуға нұсқау береді. Бұл ретте, егер аталған сынақтар ақауларды анықтамаған жағдайда, қызмет көрсетуді тоқтату уақыты қызмет көрсету мерзіміне қосылады;

8.3. Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.5. Шарт одан әрі оны орындау орынсыз болған жағдайда, тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

8.6. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Өнім беруші көрсетілетін қызметті Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде орындай алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.7. Шарт:

- 1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Қағидалардың 23-тармағында көзделген шектеулердің бұзылғаны анықталған;
- 2) сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Қағидаларда көзделмеген қолдауды көрсеткен;
- 3) уәкілетті орган міндеттемелері тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының сатып алу туралы заңнамасы бұзыла отырып Шарт жасасу фактісін анықтаған;

9. Хабарлама

9.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10. Форс-мажор

10.1. Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3. Шарт мақсаттары үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4. Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11. Даулы мәселелерді шешу

11.1. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12. Өзге де шарттар

12.1. Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3. Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) көрсетілетін Қызметтің бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

2) Шартта көрсетілген Қызметтердің бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында көрсетілетін Қызметтер көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

3) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде көрсетілетін қызмет бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып

табылған көрсетілетін қызметтің анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда рұқсат беріледі;

4) жасалған шарт сомасының өзгермеуі талабымен бюджет есебінен жылдар бойынша қаржыландыру өзгертілген немесе жұмыстардың сметалық құны азайтылған және кейіннен сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда, жұмыстарды орындау жөніндегі сатып алу туралы шарттың орындалу мерзімдерін өзгерту бөлігінде рұқсат беріледі.

12.4. Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5. Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6. Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13. Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші:

«Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы
Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан
қаласы, Тұран даңғылы, 1
БСН 170840000676
БСК ККМФКЗ2А
ЖСК KZ15070KK1KS00235004
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық
комитеті» РММ
Тел.: +7 7172 919-500

Басқарушы директор
Аманбаев Талғат Жолдымұратович

(қолы)

Өнім беруші:

Дара кәсіпкер «DPROMOTION»
Қазақстан Республикасы, 050040,
Алматы қ., Клочкова 45 уй, 12п.
ЖСН: 810217300316
Кбе 19
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ246017131000080644
«Қазақстан халық банкі» ҰҚ
Тел.: +7 701 786 99 03

Директор
Шайхисламұлы Даур Мырзаханович

(қолы)



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бағасы, ҚҚС-сыз, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орны	Аванс төлемінің мөлшері %	Жалпы сома, ҚҚС-сыз, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
	"Kazakh Tourism" Ұлттық компаниясының акционерлік қоғамы	Насихаттық және жарнамалық кино-және бейнефильмдер шығару жөніндегі қызметтер	Насихаттық және жарнамалық кино-және бейнефильмдер шығару жөніндегі қызметтер	Бейнероликторді әзірлеу және түсіру	Бір қызмет	1	13 593 101	Шартқа қолқойылған күннен бастап 2020 жылдың 15 желтоқсанына дейін	Шартқа қолқойылған күннен бастап 2020 жылдың 20 желтоқсанына дейін	Нұр-Сұлтан қ. "Есіл" ауданы, Тұран даңғылы, 1	0	13 593 101

**Бейнероликтерді әзірлеу және түсіру бойынша қызметтерді сатып алуға
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА**

1. Тапсырыс беруші: «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ.

2. Мақсаты: ішкі аудиторияға әлеуметтік бейнероликтер жасау арқылы ішкі туризмді ынталандыру, экотуризмді насихаттау және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру.

3. Жалпы мәліметтер

Кіріспе

Ішкі нарық тарапынан экотуризмге сұраныстың артуына байланысты экотуризм бойынша контентті құру мен ілгерілету және ішкі туристердің мінез-құлық мәдениетін арттыру маңызды міндет болып табылады.

Тұжырымдаманы әзірлеу және тақырыптық бейнероликтер сериясын түсіру табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру үшін ішкі туристердің мінез-құлық мәдениетін арттыруға және экотуризмді танымал етуге бағытталған. Бұл видеолар Facebook, Instagram әлеуметтік желілерінде жарияланып, Youtube порталына орналастырылады, сонымен қатар теледидардан таратыла алады.

Жұмыс тақырыбы

Жұмыстың тақырыбы экотуризмді ілгерілетуге, азаматтардың санасын арттыруға және халық арасында табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыруға бағытталған 5 ақпараттық (әлеуметтік, жарнамалық) бейнеролик болып табылады.

4. Қызмет көрсету орны: Қазақстан Республикасының аумағында

5. Нормативтік құжаттар

Қызмет көрсету келесі нормативтік құжаттардың ережелеріне сәйкес орындалады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы «Ақпараттандыру туралы» Заңы;
- «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылғы 13 маусымдағы № 211-II Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-I Заңы;
- 2017 жылғы «30» маусымдағы 2023 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының туризм саласын дамыту тұжырымдамасы;
- МЕМСТ, республикалық және халықаралық стандарттар және олардың заңнамаға және осы техникалық тапсырманы іске асыру мақсаттарына қайшы келмейтін бөлігіндегі өзге де нормативтік құжаттар.

6. Қызмет көрсету кезеңі: шартқа қол қойылған күннен бастап 2020 жылғы 20 желтоқсанға дейін.

7. Қызметтерге ақы төлеу: кезең-кезеңімен жүзеге асырылады, қызметтер төмендегі кестеге сәйкес 5 кезеңде ұсынылады:

Ке зең	Қызметтердің атауы	Сипаттамасы	Қызметтерд і орындау мерзімі	Сума, теңгемен, ҚҚС-ты қоспағанд а
I	Қазақстанның экотуризмін ілгерілетуге	Әзірлеу: - 5 (бес) бейнероликке	12 қараша	5 217 108

	арналған әлеуметтік бейнероликтер сериясын шығару үшін 5 (бес) бейнероликке логлайндар, синопсис, құрылым, сценарийлер әзірлеу.	логлайндар, синопсис, құрылымдар; - 5 (бес) бейнероликке сценарийлер; - жүргізуші/ диктор мәтіні; - түсірілім тобының жұмыс кестесі.		
II	Ішкі туристер арасында қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру үшін Қазақстан экотуризмі туралы 1 (бір) әлеуметтік бейнеролик шығару.	1 (бір) бейнеролик түсіру, бейнені өңдеу, аудионы өңдеу (дыбысты монтаждау, YouTube үшін көп арналы мәлімет), түсті түзету.	23 қараша	1 900 525
III	Ішкі туристер арасында қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру үшін Қазақстан экотуризмі туралы 1 (бір) әлеуметтік бейнеролик шығару.	1 (бір) бейнеролик түсіру, бейнені өңдеу, аудионы өңдеу (дыбысты монтаждау, YouTube үшін көп арналы мәлімет), түсті түзету.	30 қараша	1 900 525
IV	Ішкі туристер арасында қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру үшін Қазақстан экотуризмі туралы 1 (бір) әлеуметтік бейнеролик шығару.	1 (бір) бейнеролик түсіру, бейнені өңдеу, аудионы өңдеу (дыбысты монтаждау, YouTube үшін көп арналы мәлімет), түсті түзету.	7 желтоқсан	1 900 525
V	Ішкі туристер арасында қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру үшін Қазақстан экотуризмі туралы 2 (екі) әлеуметтік бейнеролик шығару.	2 (екі) бейнеролик түсіру, бейнені өңдеу, аудионы өңдеу (дыбысты монтаждау, YouTube үшін көп арналы мәлімет), түсті түзету.	14 желтоқсан	2 674 418

8. Бейнероликтерді дайындауға қойылатын талаптар:

Табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру үшін экотуризмді танымал етуге және ішкі туристердің мінез – құлық мәдениетін арттыруға бағытталған қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аудармасы бар ақпараттық (әлеуметтік, жарнамалық) 5 бейнеролик дайындау.

Шарт күшіне енгеннен кейін тақырыптар Тапсырыс берушімен келісіледі.

Әр бейнероликтің хронометражы - 1 минут 30 секундтан кем емес; 1 мин.және 30 сек бейімдеу.

Теледидар мен мобильді экрандарға бейімделген **16:9** кескін форматы.

Тапсырыс берушінің таңдауы бойынша бейнероликтерді Тапсырыс берушінің ресми арналарында орналастыру.

- бейнероликтер Тапсырыс берушінің фирмалық белгісі бар заставкамен сүйемелденуі тиіс. Заставканың тілі роликтің тіліне сәйкес келуі керек;

- бейнероликтердің мазмұны экотуризм (ішкі туризм) тақырыбына сәйкес келуі және әлеуметтік-профилактикалық, имидждік, ынталандырушы, білім беру сипатында

болуы тиіс;

- барлық бейнелер түпнұсқа сипатта болуы керек және басқа дереккөздердің авторлық құқығын бұзбауы керек;

- бейнероликтерде бірегей музыкалық туындылар, синхронды және интершумдар болуы тиіс;

- бейнероликтердің сценарийлері түсірілім басталғанға дейін Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі тиіс.

Бейнені дайындауға арналған жеткізушілердің сипаттамалары:

- Тапсырыс берушімен бейнероликтердің режиссерлік сценарийін әзірлеу және келісу. Сценарий әлеуметтік бейнелердің негізгі тақырыбын ашуы керек;

- **Тапсырыс берушінің келісімі бойынша** бейнероликтерде танымал Қазақстандық тұлғалар (мүмкіндігі шектеулі тұлғалар): спортшылар, өнер қайраткерлері, музыканттар, көпшілікке танымал тұлғалар түсірілуі тиіс.

- қажетті материалдарды алдын ала жинауды жүзеге асыру;

- қажетті техниканы, костюмдерді, керек-жарақтарды, жиынтықтауыштарды, бутафорияны, киімді Жеткізуші Тапсырыс берушінің қатысуынсыз өз бетінше ұйымдастырады;

- бейнетүсірілімдер Тапсырыс берушімен бекітілген сценарийге сәйкес жүзеге асырылады;

- бастапқы материалдарды монтаждау өндірістік-технологиялық процестерді сақтай отырып, техникалық ерекшеліктің 3-тармағының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады;

- бейнероликтерді дыбыспен және ауызекі дыбыстаумен, музыкалық сүйемелдеумен, дыбыстық эффекттермен жабдықтау;

- режиссерлік сценарийге сәйкес бейнероликтерді графикалық рәсімдеу;

- дайындалған бейнероликтер Тапсырыс берушінің заңды мекен-жайына USB-тасығышта 3 (үш) данада 3 тілде **16:9** форматында және эфирлік нұскасы **uncompressed** форматында ұсынылуы тиіс;

- Тапсырыс берушімен бейнероликтер үшін заставкаларды әзірлеу және келісу. Заставкаларда бейнелер туралы қажетті ақпарат болуы керек (Тапсырыс берушінің логотипі және т.б.).

9. Техникалық талаптар

- Барлық бейнероликтер MPEG4 форматында, ажыратымдылығы - 8K, бейнені сығымдау форматы - H264 бейне кодекі, AAC аудио кодекі, аудио бит жылдамдығы - 128 кбит/с немесе одан жоғары болуы керек.

- Барлық бейнероликтердің графикалық шешімі болуы тиіс (графикалық мұқаба және Тапсырыс берушінің логотипімен пәкшот).

- Референс ретінде (бейнемонтаж, аудиомонтаж, өтулер, әсерлер бөлігінде) келесі бейнероликтерді пайдалану қажет:

- <https://youtu.be/QMAq8F8N2Fg>
- https://youtu.be/y_5YLWOU8Ko
- <https://youtu.be/lOXzpxrjHg>
- <https://youtu.be/0S5CfkYf3Gk>
- https://www.youtube.com/watch?v=MRAZ_mSLXrA
- <https://www.youtube.com/watch?v=SQQPaK9DT3s>

- бейнероликтерді бейнетүсірілім HD (16:9) және DV форматын қолдайтын цифрлық бейнекамераларға, PLDV және HDV форматтарындағы HVR, FullHD форматындағы XDCAM, сондай-ақ жебенің ұзындығы кемінде 4 метр операторлық кранға, кеудешесі және механикалық қолы бар стедиктерге, фолоу-фокусы бар иыққа тіреуіш, дыбысты жазуға арналған радиожүйе, LED жарықтандыру аспаптары, IntelCorei7 базасындағы графикалық станцияға жүргізілуі тиіс;

- бейне: кодек MREG2, Chroma 422, бит жылдамдығы 50 МБит/сек, 30 кадр / сек, кем дегенде 1920x1080i ажыратымдылығы, сканерлеу түрі interlaced, өрістерді құру

тәртібі-Бірінші жоғарғы өріс (топфилдфирст), кадрдың қатынасы 16: 9;

- аудио: PCM форматы, WAV, 24 бит, 48 kHz, -18 ДБ деңгейі, материалдың соңғы нұсқасындағы дыбыс 1-ші стерео арнаның сол жақ жолына біріктірілуі керек, бірдей оң жолды пайдалануға рұқсат етіледі;

- аудиоконтент өндірісі (дыбысты өңдеу және жазу, фонограммаларды салу, араластыру, дыбысты мастеринг) өз кезегінде WAV және MP3 форматтарындағы микрофонға арналған сандық микшерлік пульт және микрофонға арналған лампа дыбыс күшейткішінің көмегімен жүргізілуі тиіс.

10. Есептілікке қойылатын талаптар:

- Орындаушы көрсетілген қызметтер туралы есепті (шығармашылық есепті) қызмет көрсету фактісі бойынша 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуы тиіс.

- Орындаушы тігілген және нөмірленген түрде мөрмен бекітілген, жауапты орындаушы әр парағына қол қойған және орындаушының қолы қойылған қағаз жеткізгіштегі есепті Тапсырыс берушінің пошталық мекенжайына, Шартқа бақылауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшеге, ілеспе хатпен Тапсырыс берушінің кеңсесіне үш данада, сондай-ақ электрондық жеткізгіште үш данада (флеш-жинақтауыш) ұсынады. Есептің титулдық бетінде Орындаушының атауы және қызмет көрсету күні болуы тиіс.

- Есепте бейнероликтер түсірілген орындардан алынған фотосуреттер қамтылуы тиіс.

- Есепті тапсыру кезінде Тапсырыс беруші қызмет көрсетудің орындалуын растайтын қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.

- Тапсырыс беруші актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Орындаушыға қол қойылған актіні немесе дәлелді негіздемедегі бас тартуды жіберуге міндетті.

- Тапсырыс берушінің шешімі бойынша көрсетілген қызметтер нәтижелерінің техникалық тапсырма талаптарына сәйкес келмеуі бойынша Орындаушы 5 (бес) жұмыс күні ішінде шарттық баға шегінде қосымша төлемсіз қажетті түзетулер мен пысықтаулар жүргізуге міндетті.

- Орындаушы қызметтерді мерзімінен бұрын орындаған жағдайда Тапсырыс беруші өзара келісім бойынша оларды осы бөлімде белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын қабылдай алады және ақы төлей алады.

11. Өзге талаптар:

- Түсірілімде жоғары сапалы сурет пен дыбыс алуға, сондай-ақ ауадан, жерден және су астынан түсіруге мүмкіндік беретін кәсіби түсірілім жабдығын пайдалану. Қатысатын актерлермен жұмыс келісімшарт негізінде құрылуы тиіс.

- Орындаушы осы техникалық сипаттамаға сәйкес қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

- Қызмет көрсету кезінде Орындаушы көрсетілген қызмет көлемін растайтын барлық құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

- Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған сәттен бастап Тапсырыс берушіге өндірілген зияткерлік меншік объектілеріне айрықша мүлктік құқықтар ауысады.

Тапсырыс беруші

«Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы



Өнім беруші

«DPROMOTION» Дара кәсіпкер

